



Z05K5K8, Астана қаласы,
Мәңгілік Ел даңғылы 8, 2 қабат
Тел./Факс: +7 (7172) 57-01-27
e-mail: info@daryn.kz

Z05K5K8, г. Астана,
проспект Мангилик Ел 8, 2 этаж
Тел./Факс: +7 (7172) 57-01-27
e-mail: info@daryn.kz

19.10.2023 № 597/15-11-07

Облыстық, Астана, Алматы және Шымкент қалалары білім басқармаларына

Дарынды балалармен жұмыс жөніндегі аймақтық ғылыми-практикалық орталықтарына

Республикалық білім беру ұйымдарына

Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрлігінің «Дарын» республикалық ғылыми-практикалық орталығының қолдауымен «Астана дарыны» дарынды балалар мен талантты жастарды анықтау және қолдау орталығы «Роботек» робототехника мектебімен бірлесіп 2024 жылдың 2-3 мамыр күндері Астана қаласында «**Robotek Grand Tournament**» республикалық чемпионатын (бұдан әрі – Чемпионат) өткізуді жоспарлап отыр.

Чемпионаттың мақсаты мен міндеттері:

Қазақстан Республикасында спорттық және білім беру робототехникасын танымал ету.

– Роботтарды құрастыру және бағдарламалау, инженерлік ғылымдар, бағдарламалау, басқа да инновациялық білім беру технологиялары саласындағы дарынды оқушыларды анықтау және қолдау.

– Ғылыми-техникалық шығармашылықты танымал ету және жастар арасында инженерлік мамандықтардың беделін арттыру.

– Балалар мен жасөспірімдерде спорттық және кәсіби қызмет үшін қажетті дағдыларды дамыту.

– Жастардың өзекті инженерлік-техникалық міндеттерді практикалық шешу және техникамен жұмыс істеу дағдыларын дамыту.

– Балалар мен жастардың инновациялар мен жоғары технологиялар саласына қызығушылығын ынталандыру.

– Дарынды жастарды анықтау, іріктеу және қолдау.

– Робототехника бойынша республикалық және халықаралық чемпионаттарға қатысу үшін облыстың (өңірдің, Республикалық маңызы бар қаланың) ең мықты спортшыларын іріктеу турларында анықтау және құрама командаларын қалыптастыру.

– Елдің робо-спорт резервін қалыптастыру және дамыту.

Чемпионат екі кезеңде өтеді:

1. Облыстық іріктеу кезеңі (2024 жылдың 1 ақпанына дейін өткізілуі тиіс);
2. Республикалық кезең (2-3 мамыр 2024 ж.).

Чемпионатқа әр өңірден 7 санаттағы жас аралығы бойынша 7 команда қатысады (1 командада жасына байланысты 2 оқушы болуы керек):

1. Роботек (9-12 жас);
2. Инверстік сызық бойымен жарыс (9-12 жас);
3. Жеткізуші робот (10-13 жас);
4. Мерген – кіші санат (10-13 жас);
5. Мерген – жоғары санат (14-17 жас);
6. Туды жеткізу (14-17 жас);
7. Сұрыптаушы робот (14-17 жас).

Чемпионатты өткізу туралы толық ақпарат және Ережесі <https://rgt.robotek.kz/> сайтында орналасқан.

Чемпионатқа Қазақстанның барлық облыстарынан, Астана, Алматы, Шымкент қалаларынан және республикалық білім беру ұйымдарынан командалар қатыса алады. Республикалық кезеңге әр облыстан 7 командаға 2 жаттықтырушы ілесіп жүреді.

Қазақстан Республикасының өңірлерінде Чемпионаттың өңірлік іріктеу кезеңдерін дарынды балалармен жұмыс жөніндегі орталықтар өткізеді.

Қатысушылар мен жаттықтырушылардың іс-сапар шығындары (жатын орны мен тамақтануы, екі жақ жол билеттері) жіберуші тараптың есебінен төленеді.

Ұйымдастыру комитетінің мекенжайы: Астана қаласы, Қабанбай батыр даңғылы 33, 5-қабат. 87011654321, e-mail: astanadaryn@mail.ru.

Директор



Ғ.Тұрсынов